«Келісілді»
ШЖҚ «Іле АОА» МКК директоры

Солтангазиев А.А.

Бір көзден тікелей шарт жасасудың негіздемесі

Қазіргі уақытта Қарасу ауылдық емханасы мен Өтеген батыр ауылының емханасы Өтеген батыр ауылы, Абай көшесі, 23Д мекен-жайында орналасқан ғимаратта халыққа медициналық қызмет көрсетіп келеді. Ашық конкурс нәтижелері шыққанға дейін аталған медициналық ұйымдардың қызметін тоқтату жергілікті тұрғындардың медициналық көмекке қолжетімділігін шектеуге, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар қызметтердің үзілісіне әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты, медициналық қызмет көрсетудің тоқтап қалуына жол бермеу және халыққа медициналық көмектің үздіксіз көрсетілуін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағы 35) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктегі тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 20 тамыздағы № 559 бұйрығының талаптарын негізге ала отырып, көрсетілген мекен-жайдағы ғимаратты жалға алу қызметін ашық конкурс нәтижелері шыққанға дейін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шешім қабылдау қажетті деп саналады.

Директордың ӘШЖ орынбасары **Кажиев Б.Е.**